

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасы Үкіметінің арасындағы ақпаратты қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 10 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. 2005 жылғы 18 мамырда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасы Үкіметінің арасындағы ақпаратты қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасы Үкіметінің арасындағы ақпаратты қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы КЕЛІСІМ <*>

*(2006 жылғы 23 қаңтарда күшіне енді -
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары Бюллетені,
2006 ж., N 2, 22-құжат)*

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі,

Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасының мемлекеттік саясатын жетілдіру және ақпаратты қорғаудың ұлттық жүйелерін одан әрі дамыту мақсатында,

1993 жылғы 22 қаңтардағы ТМД-ға қатысушы мемлекеттер үкіметтерінің арасындағы мемлекетаралық құпияларды өзара қорғауды қамтамасыз ету туралы келісімді басшылыққа ала отырып,

ақпаратты қорғау саласындағы екіжақты қарым-қатынастарды реттеу қажеттілігінен т а р а й о т ы р ы п ,

ынтымақтастықты дамытуда бірдей мүдделілік таныта отырып,

Тараптардың әрқайсысының жаңа ақпараттық технологияларды, ақпаратты қорғау құралдары мен жүйелерін әзірлеудегі және енгізудегі жетістіктерін ескере отырып,

ақпараттық технологияларды, ақпаратты қорғау құралдары мен жүйелерін тарату мен пайдалану екі Тараптың мүдделерін қозғайтындығын атай отырып,

осы саладағы кең ынтымақтастық оңтайлы тиімділікті қамтамасыз етуге ықпал ететіндігін а т а й о т ы р ы п ,

мына төмендегілер туралы келісті:

Осы Келісімде пайдаланылатын түсініктер мыналарды білдіреді:

"ақпаратты қорғау" - ұйымдастырушылық, құқықтық, техникалық, технологиялық шаралармен ақпараттың конфиденциалдығын, тұтастығы мен қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған қызмет;

"конфиденциалды ақпарат" - Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес немесе олардың өзара шарттасуына сәйкес таралуына шектеу салынатын ақпарат;

"ақпаратты қорғау құралдары" - ақпаратты қорғауға арналған құралдар, олар орнатылған құралдар, сондай-ақ ақпаратты қорғау тиімділігін бақылау құралдары.

2-бап

Тараптар оның таралуы Тараптар мемлекеттерінің мүдделеріне залал келтіруі мүмкін конфиденциалды ақпаратты қорғау саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Тараптар ақпаратты қорғау саласындағы қатынастарын өзара сыйластық, Тараптардың мемлекеттерінің теңдігі, олардың мүдделерінің және ұлттық қауіпсіздік саласындағы құқықтарын тану, жалпы танылған нормаларға және халықаралық құқық принциптеріне сәйкес интеллектуалдық және өзге де меншікті қорғау негізінде жасайды.

3-бап

Осы Келісімді іске асыру мақсатында Тараптар мына бағыттар бойынша ынтымақтасады:

ақпаратты қорғау саласындағы жай-күйі, даму тенденциялары, дүниежүзілік және ұлттық жетістіктер туралы ақпаратты талдау және алмасу;

ақпаратты қорғау саласындағы нормативтік құқықтық базаны дамыту және жетілдіру;

ақпаратты техникалық қорғау саласындағы ғылыми-техникалық өнімді әзірлеу, өндіру және пайдалану;

ақпаратты қорғау саласындағы нормативтік-әдістемелік құжаттарды, соның ішінде техникалық барлауларға қарсы іс-әрекет, ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау, оның тұтастығы мен қол жеткізу жөніндегі актілерді дамыту және жетілдіру;

лицензиялау, сертификаттау және аттестаттау жүйелерінің жұмыс істеу тетіктерін жетілдіру, соның ішінде ақпаратты қорғаудың ендірілетін құралдары мен кешендерінің тиімділігін растайтын сертификаттар мен басқа да құжаттарды өзара тану тәртібін жасау мәселелері жөнінде консультациялар өткізу;

бірлескен ғылыми конференциялар, симпозиумдар, ақпаратты қорғау мәселелері жөніндегі көрмелерді өткізу;

тиісті жоғарғы оқу орындарының түлектеріне және ақпаратты қорғау саласындағы мамандарға қойылатын келісілген біліктілік талаптарының негізінде кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру.

4-бап

Тараптар осы Келісімнің шегінде алынған немесе басқа Тараппен 1993 жылғы 22 қаңтардағы Мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімге сәйкес берілген конфиденциалды ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды қабылдайды.

Осы Келісімнің шегінде Тараптар алынған конфиденциалды ақпаратты қорғаудың оны алатын мемлекеттегі осындай ақпаратқа қатысты ұлттық заңнама шегінде қолданылатын режимге ұқсас режимді қамтамасыз етуге, сондай-ақ конфиденциалды ақпаратты басқа Тараптың алдын ала берген жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа бермеуге міндеттеме алады.

5-бап

Осы Келісімнің мақсаттарына үшін:
Тараптардың мемлекеттерінің Құзыретті органдары:
қазақстандық Тараптан - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің
К е н с е с і ,

беларус Тарапынан - Беларусь Президентінің жанындағы Мемлекеттік ақпаратты қорғау орталығы болып табылады.

6-бап

Тараптар ақпарат және құжат алмасу туралы, ақпаратты техникалық қорғауды қамтамасыз ету құралдарын, приборларды, жабдықтарды, материалдарды және жинақтаушы бұйымдарды жеткізу туралы шешімдер қабылдаған жағдайда олардың номенклатурасы, көлемдері мен мерзімдері осы Келісімнің 5-бабында белгіленген Тараптардың мемлекеттерінің құзыретті органдардың арасындағы екіжақты жеке хаттамалармен айқындалады.

7-бап

Осы Келісімді іске асыру мақсатында Тараптар келіссөздер өткізе және бірлескен жұмыс топтарын құра алады.

8-бап

Осы Келісім шеңберінде жүргізілетін іс-шараларды қаржыландыруды Тараптар әрбір іс-шара бойынша келісілген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырады.

9-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру жөніндегі Тараптардың өзара іс-қимыл жасау кезіндегі жұмыс тілі орыс тілі болып табылды.

10-бап

Осы Келісімнің ережелерін пайымдау немесе қолдану жөніндегі дауларды шешуді Тараптар келіссөздер және өзара консультациялар жолымен жүзеге асырады.

11-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын хаттамалармен ресімделеді.

12-бап

Осы Келісім Тараптар оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік процедураларды орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

Осы Келісім белгілі бір мерзімге жасалады және бір Тарап басқа Тарапқа оның күшін тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламайынша күшінде болады. Мұндай жағдайда басқа Тарап осындай хабарлама алғаннан кейін алты ай өткен соң осы Келісім ө з к ү ш і н то қ т а т а д ы .

2005 жылғы 18 мамырда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, беларус және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін талқылау кезінде қайшы пікірлер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасы

Беларус Республикасы

Үкіметінің атынан

Үкіметінің атынан